

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 маусымдағы № 621 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелерін - халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 1, 6-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

2 - т а р м а қ т а :

«жергілікті атқарушы органдар» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы 29), 30), 31), 32), 33), 34) тармақшалармен толықтырылсын:

«29) жергілікті маңызы бар объектілер бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылысты бастауға) рұқсат беру;

30) жобалау-іздістіру қызметіне лицензиялар беру;

31) құрылыс-монтаж жұмыстарына лицензиялар беру;

32) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерін қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру;

33) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар және инжинирингтік қызметтер көрсетуге лицензиялар беру;

34) жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуге лицензия беру.».

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов